

Постоянно меняющиеся условия рынка труда призывают меняться и развиваться каждый день. Мы не можем знать, что будет через год или два. Какие будут ведущие качества личности и профессионала, какие будут актуальные профессии, но мы можем сделать всё на сегодняшний день, чтобы закончив школу, мы получали будущего профессионала, грамотного и всесторонне развитого человека.

Литература:

1. <https://articlekz.com/article/20051>
2. Танган С. А. Грамотность в компьютерный век // Педагогика. 2005. N 1
3. Министерство образования и науки Республики Казахстан. [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://edu.gov.kz/>, свободный. – Загл. с экрана Источник из интернет.
4. <https://cutt.ly/X23YK6d>
5. <https://school.kontur.ru/publications/2374>

Кошакаева А.К.

Ш.Батталова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық), Шет ауданы

ҚОҒАМДЫҚ- ГУМАНИТАРЛЫ ЦИКЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақала Қазақстан Республикасында бірнеше жылдан бері білім беру жүйесі назарында жүрген, қарқынды түрленіп, даму үстіндегі мәселеге арналған. Қазіргі таңдағы өзекті мәселе оқушылардың алған білімін өмірде қолдана алмаулары, оқыған мәтінін түсіне алмауынан туындап отыр. Осы орайда білім алушылардың функционалды сауаттылықтарының төмен екендігінен өзгеріс талап етілді. Функционалды сауаттылық негізгі үш құрамдас бөліктен тұрады: оқу сауаттылығы, математикалық және ғылыми-жаратылыстану сауаттылықтары. Бұл мақалада функционалды сауаттылықтың негізі саналатын оқу сауаттылығының маңызы, оны мектепте қалыптастырып дамытудың әдіс-тәсілдері сөз етіледі. Зерттеу барысында саралау, жинақтау, талдау тәсілдері қолданылып, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыруда тиімді болып табылатын тәсілдер келтіріледі.

Кілт сөздер: функционалды сауаттылық, оқу сауаттылығы, мәтін, мәтінмен жұмыс, оқу түрлері.

Біз жаңа ғасыр баспалдағына өркениетті ұлт ретінде, тарих төріне егеменді ел ретінде бой көрсеттік. Ата-бабамыз қаншама қиындықты кешсе де, оны еңсерді, туын көкке желбіретіп, тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ендігі ұрпақтың негізгі мақсаты- болашаққа зор ұмтылыс. Мемлекетіміз үшін ерінбей еңбек етіп, жас ұрпақты тәрбиелеуде маңдай терді төгу. Ол үшін жас ұрпақты біліммен қаруландыру, ғылым мен техниканың тетігін меңгерту, құндылықтарды бойларына сіңіру керек. Қазіргі таңда әр педагог түрлі технологиямен жұмыс жасауда, оған біздің заманымызда мүмкіншілік кеңінен бар.

Орта білім беру ұйымында оқушыларға әмбебап білім, икемділік дағдыларын, құзыреттіліктің біртұтас жүйесін қалыптастыруы тиіс. Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды тетік білім беру мазмұнын жаңарту, оқушылардың шығармашылық және сыни ойлауын дамытуға ықпал ететін білім ортасын құру, білімді өз бетінше толықтыру болып табылады. Осыған байланысты оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қазіргі заманғы талап болып отыр. Функционалдық сауаттылық- оқушының жеке қасиеттерін және оның коммуникативтік дағдыларының даму мүмкіндігін көрсететін көрініс. Егер сіз дұрыс әдістер мен тәсілдерді қолдансаңыз, қазіргі сұраныстағы оқу процесін өзіңіздің білім салаңызға қолдануға мүмкіндік туады. Функционалдық сауаттылықты дамыту оқушыларға болашақта қажетті ақпаратты өз бетінше алуға және талдауға, өзін тұлға ретінде жетілдіруге көмектеседі. Осы күнге дейін мектептердегі оқушылардың функционалдық сауаттылығы жеткіліксіз мөлшерде болды. Әлі де бұл мәселені мұғалімдер әртүрлі әдістерді енгізу арқылы шешу үстінде. Мектептің негізгі міндеттерінің бірі-балаларды өздігінен дамуға үйрету. Өздігінен дамуға үйрету мынадай кезең-кезеңмен жұмыс істеуді білдіреді:

- іздеу;
- талдау;
- құрылымдау;
- қолдану.

Бұл дағдылар оқушыға қазіргі әлемдегі өзгеріске оңай төселуіне көмектеседі, онда адам күн сайын көптеген түрлі ақпаратты өңдейді. Осылайша, бала әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық салада дамиды. Яғни, PIRLS жобасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалаудың басымдықтары әртүрлі салалардағы баланың жеке басының әлеуметтік бағдарлану деңгейін және өз білімін өмірге біріктіру қабілетін көрсетеді [1; 9]. Оқу процесінің ұйымдастырылуына байланысты білім беру процесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту қиын. Ұзақ уақыт бойы мектептің негізгі міндеті мұғалімдер оқушыларға білім беру болды. Қазір де негізгі міндет білім берумен қатар әр пәнде функционалды сауаттылығын дамыту қолға алынған. Сол пән бойына негізгі мына бағыттарды көрсетуге болады:

1. Функционалды сауаттылықты меңгеру. Бұл дегеніміз оқушының дағдыларды еркін қолдана білу қабілеті, мәтіннен ақпарат алу және оны беру. Функционалды сауаттылық-бұл дағдының әртүрлі түрлерін қолдану: оқу, қарау, таныстыру, оқу және түсіну әдістерінің бір жүйесінен өту.

2. Толыққанды және дұрыс оқу іс-әрекетін үйрену:

- оқушылардың белсенді және пассивті сөздік қорын кеңейту, қазақ тілінің грамматикалық құрылымын толық меңгеру, сөйлеудің стилистикалық және функционалды түрлерін қолдану;

- ауызша, жазбаша сөйлеу;

- емле мен тыныс белгілерін меңгеру;

- әртүрлі мәтіндерді түсіну және талдау дағдыларын игеру, көркем мәтінді қабылдау;

- тілдік, ең алдымен грамматикалық тілдерді меңгеру және жүйелеу, тіл туралы білім, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында, сөйлеу әрекетінің еріктілігін, ниеттілігін және хабардарлығын қамтамасыз ету;

- оқушылардың мәдени және тәрбиелік әлеуетін ашу, оның тарихпен, рухани мәдениетпен, менталитетпен тығыз байланысын зерттеу;

- шетел тілін табысты меңгеру үшін қажет нақты тілдік құзыреттілікпен қатар жалпылингвистикалық құзыреттілікті қалыптастыру;

- тіл сезімін қалыптастыру (тілдік сезім, тілдік интуиция, тілдік сана) т.б.

Қоғамдық-гуманитарлы бағытта функционалды сауаттылықтың бір бағыты – оқу сауаттылығы. Оқу сауаттылығы- білу, түсінуден бөлек, оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қолдана алу, сыртқы ортамен тығыз байланысты орнату, оқушыларды тез әлеуметтенуге бейімдеу. Оқушылар сыртқы ортада адамдармен қарым-қатынас жасағанда оқу дағдысын қолданады, яғни ақпарат алмасу үшін мәтінмен жұмыс жасайды. Осы тұста сауаттылығымыз көрініс береді. Сауаттылық- ана тілінің заңдары мен ережелерін оларды ауызша және жазбаша сөйлеуде пайдаланудың берік дағдыларын үйлестіре алуы, яғни бастапқы оқу және жазу қабілеттілігі. Оқу әрекеті барысында оқырман өзін қоршаған әлемнің өткені, бүгінгі мен болашағы туралы біліп қана қоймай, ойлап, талдау жүргізіп үйренеді, шығармашылық тұрғыда дамиды, оның тұлға ретіндегі адамгершілік және мәдени негізі қаланады. Оқу «біріншіден, адамның сөйлеу әрекетін дамытып, оны анық, түсінікті, бейнелі әрі әдемі етеді; екіншіден, оның ішкі жан дүниесін дамытып, біреудің қайғысына ортақтасу, қайырымды болу, өзгенің қиыншылығын түсініп, жетістігіне қуануға үйретеді; үшіншіден, шығармашылық нұрға бөленіп, шабыттануға, жаңа көркем туындыларға негіз болады; төртіншіден, ақпаратты пайдаланып, оны зерттей алу дағдыларын қалыптастырады» [2; 19]. Мектеп қабырғасында ежелден бастап оқушыларды мәтінді оқығанда уақытқа оқытып қалыптастырғантынбыз, оқушы 1 минут ішінде максималды сөз оқыса да, кей жағдайда мәтіннің мазмұнын, мәтіндегі ақпаратты айта алмайтын. Қазіргі таңда оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, өмірлік мақсаттарды жүзеге асыруға арналған оқығанын пайдалану бағаланады.

Оқу сауаттылығы мәтіннен қажетті ақпаратты табумен ерекшеленеді:

- мәтіннен қажет деген көп ақпаратты алу;

- ең қажет деген ақпаратты табу;

- ақпаратты жіктеу;

- терең мазмұндағы ақпаратты табу;

- күрделі мәтіндерді қорытындылау;

- мәтіннен өзіндік ой тую.

Осымен қатар әр қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі өзінің сабағында 4 дағдымен жұмыс жасатып, түсініктері мен қабілеттерін кеңейтеді. Тереңдете келсек мындай жұмыстың да құрамдас бөліктерінің түрлері жүреді:

- оқуды үйрену: оқу стратегиясы мен тактикасын таңдау мүмкіндігі оқу мақсатына байланысты (икемді оқу);

- сөйлеу механизмдерін дамыту: баламалы алмастырулар жасай білу, жинақтау;

- мәтін: мәтіннің мазмұнын болжау.

Ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту:

- орфоэпиялық дағдыларды дамыту;
- сөздік қорын байыту бойынша жұмыс;
- оқушылардың сөйлеуінің грамматикалық құрылымын дамыту және жетілдіру;
- ауызша сөйлеу, оқу-ғылыми, көркем сөйлеуді дамыту;
- жазбаша ауызекі, оқу-ғылыми, көркем сөйлеуді дамыту.

Мұның барлығы бастауыш буыннан бастау алып, ортаңғы буында балаларға икемді оқытуды үйрету маңызды. Мәселен, 5-6 сынып оқушыларына мынадай тапсырмалар қорын үнемі жүргізу керек:

- Тапсырмалар қиындық дәрежесі бойынша жаттығулар әртүрлі болуы мүмкін;
- мәтіндегі бөліктердің санын анықтаңыз; әр бөлікке сұрақ қойыңыз,
- жоспар құрыңыз;
- оқу, мәтіннің негізгі идеясын анықтау, сабақ тақырыбымен байланыстыру;
- мәтіннен жаңа ақпаратты бөліп алып, оның негізгісін тұжырымдау.

Сонымен қатар, сөйлеу механизмін дамыту, диктанттар мен баяндамаларға мәтіндік тапсырмалар беру, ауызша әңгіме құрастыру, тірек сөздер мен сөз тіркестеріне жұмыс түрлерін түрлендіру.

7-сынып оқушыларына осы бағытта тапсырмаларды күрделендіру. Әртүрлі стильдегі мәтіндер ұсыну, тілдік ерекшеліктеріне талдау жүргізу. Мысалы,

- мәтінді стиль түрін дәлелдейтіндей тірек сөздерді іріктеу;
- мәтінге жоспар құру, әр стиль түріне ауыстыра отырып ауызша әңгіме дайындау;
- публицистикалық стиль түрлеріне тапсырмалар әзірлеу: газет, журналдағы мақалалармен жұмысты жиі жүргізу;
- мәтіндердің түрі мен стилін анықтауға үйрету.

8-9 сыныптарда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша тапсырмаларға жоспар мен кестені қолдана отырып, мәтіннің тақырыбын, түрін және сөйлеу мәнерін анықтай отырып, орфографиялық байланыстар туралы оқу-ғылыми стильдегі хабарламаларды дайындауды үйрету. Осылайша, бірнеше жыл ішінде мақсатты жұмыс жүргізілуде оқушылардың лингвистикалық, тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға болады. Күнделікті сабақтан бөлек элективті курстардың да өзіндік үлесі өте зор. Осы орайда 3-4 жыл бұрын «Стилистика» атты курс жүргізген болатынмын. Курстың маңыздылығы: мәтінмен жұмыс істеудің маңызды бөлігі тілдік құралдарды анықтау болып табылады, мәтіннің үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Ұсынылған әрбір мәтін мыналарды қамтиды: сөйлеу стилі мен түрін, байланыс түрін анықтауға арналған тест тапсырмалары.

Оқушыларға өздік жұмыс ретінде үнемі:

- түбір сөздер;
- лексикалық қайталау;
- синонимдер, антонимдер;
- прономиналды ауыстыру;
- етістіктің формалық жиынтығы;
- кіріспе сөздер;
- синтаксистік параллелизм;
- сұраулы және толық емес сөйлемдер;
- анафора және эпифора;
- үстеулер, сөйлеудің қызметтік бөліктері т.б. беріліп отырған дұрыс.

Сонымен, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, сөйлеуді жетілдіру оқушылардың іс-әрекеттері тілдік құрылымы туралы білім негізінде құрылады. Оны әртүрлі қарым-қатынас жағдайында қолдану ерекшеліктерінен білуге болады. Оқу процесі тілді талдау дағдыларын қалыптастыруға ғана бағытталмау керек, тілдік құбылыстар мен фактілерді жіктеу қабілеті, сонымен қатар білім беру, сөйлеу мәдениеті, өмірлік маңызды дағдыларды қалыптастыру, оқудың әртүрлі түрлерін қолдану, мәтіндерді ақпараттық өңдеу, ақпаратты іздеудің әртүрлі формалары және оны берудің әртүрлі тәсілдері, сөйлеу жағдайына және әдеби тілдің нормаларына және этикалық қарым-қатынас нормаларынан құрылуы қажет.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 — 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана. 2012 жылғы 25 маусым. (1)

2. Асанбаева Е.Б. Оқу сауаттылығы – оқушылардың функционалды сауаттылығының негізі. Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің Хабаршысы. 2018;(2):9.

Куанбаева Д.А.

«Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Аннотация. Мақалада математика пәнінен бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын арттыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер жайлы айтылған.

Кілт сөздер: математика, функционалды сауаттылық, бастауыш сынып, әдіс-тәсілдер.

Бастауыш сынып оқушыларының математика пәнінен функционалды сауаттылығын арттыру білім беру процесінің негізі болып есептеледі. Қазіргі білім мен ғылымның дамыған заманында білім беру жүйесінде оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту ең маңызды мәселе болып табылады. Жеке тұлғаның шығармашылық ойлауы мен тез шешім табу қабілеттері, кәсіби жол таңдау білігі, үнемі ізденіп білім алуға құлшынысы, яғни қазіргі жаһандану заманының ағымына сай болу-оның басты функционалды қасиеті болып табылады. Бастауыш сынып оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытудың өзектілігі: оқушының математика пәнін терең түсініп оқуы, логикалық ойлауы, алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білуі, әлемдегі математиканың ролін көре білуі, математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны, оның заңдылықтарын байқап қана қоймай оны оқып үйренуі, дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру қабілеттері қалыптасады.

Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш сыныптарда негізі қалыптасатыны белгілі. Бастауыш сыныптарда оқушылар сандық өрнектермен арифметикалық амалдарды орындаумен шектелсе, алгебра, геометрия, тригонометрия әлеміне енген сайын басқа жаңа талаптар қойылады. Алгебрада латын, грек әріптерін үйренуге тура келеді. Міне, осы әріптерді дұрыс жаза және оқи білу математикалық сауаттылық білдіреді. Оқушылар геометрия ұғымдарымен бірінші сыныптан таныс болады, кейін жаңа жазулар мен сызулар кездесуі мүмкін және оқытуда арнайы заңдылықтар сақтау қажет.

Мұғалім оқушыны математика пәнінің қыр сырына үйрету үшін оған математикалық сауаттылықты сақтау жөнінде күнделікті қатаң талаптар қойып, орындалуына мұқият зер салуы керек.

Сонда оқушы математикалық өрнектерді оқуда, жазуда және сызбаларды сызуда сауаттылық көрсетіп, тәртіпке бейімделеді де, есептерді де алгоритм немесе логика бойынша тез, әрі сауатты шеше алады, сабаққа да ынтасы арта түседі.

Математикалық сауаттылық функционалды сауаттылықтың бір тармағы болып табылады. Оқушылардың танымдық әрекет амалдарын меңгеруін есепке алып, алгоритмдік есептерден эвристикалық типтегі есептерге көшу кезінде оқу-зерттеулік есептер көбейе түсетін өзара байланыс түрі өте тиімді. Математикалық сауаттылықтың дамуы оқушының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, қазіргі қоғамда тұлғаның ұтымды сөйлеу коммуникацияларын қалыптастырады. Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың бастауыш сынып оқушылары үшін сыныптан тыс жұмыстар арқылы олардың қызығушылықтары мен сауаттылығын дамыту.

Математика сабақтарында функционалды сауаттылықты дамытудың мақсаты – оқытуда инновациялық әдістерді, заманауи білімдік және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Математика сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын екі негізгі міндеттерді шешу арқылы қалыптастыру мүмкіндігі бар:

1. Оқушының әлеуетіне сәйкес, яғни баланың өзінің білімдік деңгейіне сай келетін және жеке тұлғаның одан әрі дамуын қамтамасыз ететін, білім беруді іске асыру мүмкіндігіне, оның ішінде өзіндік білім алу жолымен жету.

2. АКТ құралдары мен өз қабілеттерін іске асыруда әр оқушыда шығармашылық әлеуметтік мәнді қызмет тәжірибесін қалыптастыру.

Математика сабағында мынадай әдіс -тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

«Жұптағы ой қозғау» әдісі бойынша берілген тапсырма бойынша білетін ақпараттарын жазады. Өз жұптарымен бөліседі, білмеген ақпараттарын толықтырады. Бірігіп шешеді, өзара көмек береді.